Әділет

**“Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 501/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 шілдеде № 4603 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 655/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 27.09.2018 № 655/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ” Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы “Мемлекеттік мүлік туралы” Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы “Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы” № 410 Жарлығына сәйкес Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің қадағалайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *Қ. Нукенов*

Ақсу қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 22 маусымдағы
№ 501/6 қаулысымен
бекітілді

## “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады, Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асырады.

2. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастар жасайды.

6. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140100, Ақсу қаласы, Царев көшесі, 12.

10. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: жұмыс күндері: дүйсенбі – жұма сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

11. Мемлекеттік органның мемлекеттік тілдегі толық атауы - “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде - государственное учреждение “Отдел сельского хозяйства города Аксу”.

12. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Павлодар облысы Ақсу қаласының әкімдігі тұлғасындағы мемлекет болып табылады.

13. Осы Ереже “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру қалалық бюджеттен жүзеге асырылады.

15. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің миссиясы агроөндірістік кешен саласының бәсекелестік деңгейінің жаңа сапасына қол жеткізуге және экономикалық өсуіне жәрдем көрсету және аграрлық кешенді дамыту саласында өңірдің аграрлық саясатын дамытуды жүзеге асырады.

17. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің мақсаты Ақсу қаласының аумағында ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

18. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметі облыста ауыл шаруашылығын дамытуда өңірдік деңгейде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

19. Міндеттері:

1) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлі инфрақұрылымын дамыту және ауыл тұрғындарын қолайлы өмір жағдайларымен қамтамасыз ету;

2) қаланың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

3) бәсекелестікке төтеп беретін ауылшаруашылық өнімдерін және оны қайта өндіру өнімдерін өндіру үшін экономикалық жағдайлар жасау;

4) Ақсу қаласының аумағында аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесу;

5) өңірлік деңгейде ауылшаруашылық өндірісті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру.

20. Функциялары:

1) агроөнеркәсіптік кешенді және ауыл аумақтарын дамыту мәселелері бойынша өңірлік бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін мемлекеттік қолдауды іске асырады;

3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне мемлекеттік аграрлық азық-түлік саясатының негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіру бойынша жұмыс жүргізеді;

4) агроөнеркәсіптік кешен саласында жедел ақпарат жинауды жүргізеді және оны облыс әкімдігіне ұсынады;

5) өңірдің ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне ауыл шаруашылығы салаларында интенсивті технологияларды пайдалану мәселелері бойынша тәжірибелік көмек көрсетеді;

6) ауыл шаруашылығы өнімдерін сату бағаларының мониторингісін жүргізеді ;

7) агроөнеркәсіптік кешен саласында бағалық, техникалық, несиелік, сақтандыру қызметі мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

8) елді мекендерде ауылшаруашылық малдарын ұстау мен мал жаюдың ережелерін әзірлеуге қатысады;

9) өсімдік шаруашылығы саласында шаруашылық ететін субъектілерді міндетті сақтандыруды ұйымдастыруға қатысады;

10) сақтандыру рыногының қатысушыларынан және агенттен өз қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұратып алады және алады;

11) ауыл шаруашылығы объектілерін пайдалануға қабылдау бойынша комиссиялардың және ауыл шаруашылығы жануарларын, жануар текті өнімдер мен шикізатты өндіру, дайындау (сою) бойынша кәсіпорындардың жұмысына қатысады;

12) негізгі машиналар тұрағының және өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына арналған жабдықтардың, сондай-ақ ауыл шаруашылығы науқандарын іске асыру үшін жанар-жағармай материалдарының, қосалқы бөлшектердің қажетті көлемінің қажеттілігін есептеуді жүргізеді және болжайды;

13) ауыл шаруашылығы және басқа техникаларды тіркеп есепке қояды;

14) ауыл шаруашылығы субъектілерінің машина трактор паркін іске қосқанда , тексеруші органдар техника қызметінің сақтау тәртібін тексерген кезде ұйымдастырады және қатысады;

15) өңірдің ауыл шаруашылық қалыптастырушыларының жеке меншігіне қарамастан ауыл шаруашылығы техникасының сақталу мәселесін бақылайды;

16) ауыл шаруашылығы техникасын тіркейді, қайта тіркейді, есептен шығарады;

17) ауыл шаруашылығы техникасына мемлекеттік номерлерін береді;

18) ауыл шаруашылығы техникасына жыл сайынғы және ағымдағы техникалық тексеру өткізеді;

19) ауыл шаруашылығы техникаларына төлқұжат беру, тракторист-машинистің категориясына сәйкес куәлік береді;

20) тракторист-машинист куәлігін беруге емтихан жүргізеді;

21) кепілдік мүліктің куәлігін береді;

22) тракторист-машинист куәлігін ауыстыруға азаматтардың қабылдауын жүргізеді;

23) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңына сәйкес тұрғындарға мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

24) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексінде қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

25) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша форумдар, мәжілістер және семинарлар ұйымдастырады және өткізеді;

26) заңнамамен көзделген құзырет шегінде өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) қаланың мемлекеттік органдарынан, ауылшаруашылық қалыптасулардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан " Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

2) семинарларға, мәжілістерге, "дөңгелек үстелдерге" қатысуға, сондай-ақ оларды өткізуге ғылыми мекемелердің, ұжымдардың өкілдерін, ғалымдарын және мамандарын шақыруға;

3) "мемлекеттік органдардың, мұрағаттардың, ғылыми ұйымдардың және кітапханалардың" ақпараттық мәліметтер банкілерін пайдалануға;

4) "Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуге;

5) "Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен қызметтерінен шығатын мәселелер мен түйіндер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлауға және "дөңгелек үстелдер" өткізуге;

6) "Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық және құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге, оларды қала әкімі және әкімдігінің қарауына ұсынуға құқығы бар.

**3. "Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

22. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесіне басшылықты “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Ақсу қаласының әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

24. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің өкілеттіктерін және міндеттерін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін кезметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандыруды, оларға материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым қатынаста “ Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесін ұсынады;

5) “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің барлық жұмыскерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларымен кеңестер өткізеді;

7) азаматтардың жеке қабылдауын жүргізеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және ол үшін дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өкілеттік шегінде басқа да функцияларды жүзеге асырады;

“Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі қалалық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

26. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі мен қаланың жергілікті атқарушы органы арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің басшысы және еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

## 4. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің мүлкі

28. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінде, заңнамада көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында жеке мүлкі болуы мүмкін.

“Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлкі арқылы, сондай-ақ (қаражат шығындарын қосқанда) жеке қызметі нәтижесінде алынған мүлкі және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамамен өзгеше көзделмесе, “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

## 5. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

31. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесі таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік коммуналдық меншікте қалады.

## 6. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

33. “Ақсу қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі” мемлекеттік мекемесінің иелігіндегі ұйымдары жоқ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК